

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Кеден одағы комиссиясының хатшылығындағы лауазымдарға кандидатуралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 28 тамыздағы N 1267 Қаулысы

2008 жылғы 12 желтоқсандағы Кеден одағы комиссиясының хатшылығы туралы келісімге , Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың (кеден одағының жоғарғы органының) үкімет басшылары деңгейіндегі мемлекетаралық кеңесінің "Кеден одағының комиссиясы туралы" 2008 жылғы 12 желтоқсандағы N 5 шешіміне және Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Кеден одағы комиссиясының 2009 жылғы 29 мамырдағы N 53 шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Кеден одағы комиссиясының бекітуіне мынадай кандидатуралар:

Еділ Құламқадырұлы Мамытбеков - Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Кеден одағы комиссиясының Жауапты хатшысының орынбасары лауазымына;

Төлеген Болатұлы Нұрбаев - Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Кеден одағы комиссиясының Кедендік әкімшілендіру департаментінің директоры лауазымына ;

Дина Қияшқызы Ақпанбаева - Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Кеден одағы комиссиясының Сауда саясаты департаменті директорының орынбасары лауазымына ұсынылсын .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К.Мәсімов*